

Қазақ мемлекеттік циркі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 сәуір N 18

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес цирк өнерін одан әрі дамыту үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақ мемлекеттік циркі" қазыналық кәсіпорны "Астана холдинг" компаниясының басқарушысына мүліктік кешен ретінде жиырма жылдық мерзімге жалға берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті он күндік мерзім ішінде "Астана холдинг" компаниясының басқарушысымен, негізінен қазыналық кәсіпорын қызметінің бейінін сақтау жөніндегі жалға алушының міндетін ескере отырып тиісті жалға беру шартын жасасын, осы қаулының орындалуы бойынша өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі И.Н. Тасмағамбетовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі